

**Алматы қаласы Наурызбай ауданы
ЖШС Бақ-Ислам балабақшасы**

ЖШС Бақ-Исламбалабақшасы

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРҒА
БАРМАЙТЫН БАЛАЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫНА
АРНАЛҒАН КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТТІҢ
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ
2025-2026оқу жылы**

2025 жыл

ЖШС Бақ-Ислам балабақшасы

Бұйрық №11

29.08.2025 жыл

Алматы қаласы

МДҰ кеңес беру пунктінің жұмысын ұйымдастыру туралы

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары негізінде және мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға әдістемелік, диагностикалық және консультациялық көмек көрсету үшін
БҰЙЫРАМЫН:

1. Жаңа **2025 / 2026** оқу жылынан бастап **ЖШС Бақ-Ислам балабақшасы** мектепке дейінгі ұйымының базасында ата-аналарға арналған кеңес беру пункті ашылсын.
2. Кеңес беру пункттің жұмыс кестесі бекітілсін.
3. Кеңес беру пункттің жұмыс жоспары бекітілсін.
4. Кеңес беру пунктінің жұмысы туралы ақпаратты сайтқа және мектепке дейінгі ұйымының хабарландыру бұрыштарына орналастырылсын.
5. Консультациялық көмек көрсету үшін мамандар бекітілсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау МДҰ меңгеруші Смагулова А жүктелсін

ЖШС Бақ-Ислам балабақшасының директоры Смагулова А.С

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРҒА БАРМАЙТЫН БАЛАЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫНА АРНАЛҒАН КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТТЕРДІҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Әдістемелік ұсынымдар ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2024 жылғы 11 наурыздағы №2 хаттама)

КП басшының бұйрығы негізінде білім беру ұйымының базасында құрылады және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыратын оның құрылымдық бірлігі болып табылады.

КП қызметін КП туралы ереже негізінде жүзеге асырады.

КП қызметін демалыс күндері 4 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға арналған МДҰ-дың топтарында жүзеге асыра алады, балаларды мектепке дайындау үшін қабылдау жүзеге асырылады (толық емес күн, яғни, балалар үш сағат болады, олар ұйықтамайды және тамақтанбайды). Балалар сабақта болған кезде балалардың ата-аналары (заңды өкілдері) мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту, дамыту мәселелері бойынша педагогтерден кеңес алуына болады.

Сонымен қатар, МДҰ базасында мектеп жасына дейінгі балаларды мектепте оқуға дайындау мәселелері бойынша ата-аналарға (заңды өкілдерге) онлайн консультация ұйымдастыру ұсынылады.

Сондай-ақ, жалпы білім беретін мектептер базасында балаларды мектепте оқуға дайындау мәселелері бойынша балалардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) топтық және жеке консультациялар берілетін жеке кабинетте КП ұйымдастыруға болады.

КП жұмысының басталуы туралы мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарын (заңды өкілдерін) WhatsApp чаттары (отбасылық, аулалық және т. б.), бұқаралық ақпарат құралдары, оның ішінде әлеуметтік желілер (Instagram, Facebook, Telegram), МДҰ-ның сайты арқылы хабардар ету қажет *(1-қосымша)*.

КП мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға диагностикалық, консультациялық және әдістемелік көмек көрсету.

Міндеттері:

- ата-аналарға (заңды өкілдерге) консультациялық қолдау көрсету және балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту мәселелері бойынша педагогикалық құзыреттіліктерін арттыру;
- белгілі бір себептермен білім беру ұйымына бара алмайтын балалардың әлеуметтенуіне ықпал ету;

КП жұмысының негізгі бағыттары:

- диагностикалық көмек көрсету - баланы психологиялық- педагогикалық тұрғыдан зерттеу, бала тұлғасының жеке ерекшеліктері мен бейімділігін, оның әлеуетті мүмкіндіктерін, әлеуметтік бейімделуін анықтау, баланы одан әрі дамыту мен тәрбиелеу бойынша ұсынымдар әзірлеу;
- консультациялық көмек көрсету - психологиялық, әлеуметтік, педагогикалық консультация беру, ата-аналарды (заңды өкілдерді) бала дамуының физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері, тәрбиенің негізгі бағыттарының ықпалы, күйзеліс жағдайларын еңсеру туралы хабардар ету;
- әдістемелік көмек көрсету - ата-аналарды (заңды өкілдерді) ағарту, отбасында туындайтын мәселелердің алдын алуға бағытталған педагогикалық әдістер мен тәсілдер туралы ата-аналарды хабардар ету, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін қалыптастыру, отбасында жағымды қарым- қатынастар орнату, баланың жеке даму ерекшеліктері негізінде түзету және дамыту технологияларымен, отбасы жағдайында тәрбиелеу процесін ұйымдастырумен таныстыру.

КП қызметінің негізгі нысандары: ата - аналардың (заңды өкілдердің) сұранысы

бойынша онлайн және офлайн форматтарда жеке және топтық консультациялар беру болып табылады.

Жеке және топтық консультацияларды жүзеге асыру үшін кабинеттерді жиһаздармен жабдықтау (үстел, орындықтар, ноутбук және т.б.) және дидактикалық материалдың жеткілікті санымен қамтамасыз ету қажет: арнайы әдебиеттер, дидактикалық және дамытушы ойындар мен ойыншықтар, балалар мен ата-аналарға арналған диагностикалық материалдар жиынтығы, педагогтар мен мамандардың дамытушы бағдарламалары, ата-аналармен жүргізілген жұмыс тәжірибесінен материалдар.

Балалармен және ата-аналармен спорт залда, спорт алаңында, құрғақ бассейндерде, балалардың дамуы үшін қауіпсіз және жайлы жағдайлар жасалған сенсорлық, ойын бөлмелерінде консультациялар немесе сабақтар өткізу ұсынылады.

Мектепке дейінгі ұйымның аумағы абаттандырылуы, құмсалғыштар орналасқан ойын алаңдарымен, күркелермен, спорт алаңдарымен жабдыкталуы қажет, онда ата-аналар мен балалардың жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес дамытушы ортаның барлық ресурстарын пайдалануға мүмкіндігі болуы керек.

КП жұмысын білім беру ұйымының әкімшілігі реттейді.

Балалардың ата - аналарына (заңды өкілдеріне) консультациялық көмек мамандардың қызметін кіріктіру негізінде көрсетіледі:

менгеруші;

әдіскер;

тәрбиеші;

музыка жетекшісі;

дене шынықтыру нұсқаушысы;

педагог-психолог;

логопед;

медбике;

қазақ тілі педагогі.

Логопед баланың танымдық және сөйлеуінің даму деңгейін анықтайды (тексеру); баланың сөйлеуіндегі кемшіліктерді түзету және оның алдын алу мақсатымен (консультация, семинарлар) ата-аналарға (заңды өкілдерге) көмек көрсетеді; ата-аналарға (заңды өкілдерге) және балаға сөйлеуді дамыту бойынша қызықты ойындар мен жаттығуларды (практикумдар) ұсынады (көрсетеді).

Педагог-психолог эмоционалды-тұлғалық мәселелерді анықтайды; таным процестерінің даму деңгейін анықтайды (зейін, қиял); есте сақтауды, ойлауды дамытады, балалар мен ата-аналардың қарым-қатынасын талдайды; баланың мектепте оқуға психологиялық дайындық деңгейіне диагностикалық тексеру жүргізеді.

Дене шынықтыру нұсқаушысы балалар мен ересектерге салауатты өмір салтын насихаттайды; үй-жайларда және далада ойналатын қимылды ойындарды, спорттық жаттығуларды ұсынады.

Медбике күн тәртібін құрастыруға және баланың дұрыс тамақтануын ұйымдастыруға көмек көрсетеді; әртүрлі аурулардың: ЖРВИ, тұмау, жігі

вирустық инфекциялар, жұқпалы аурулардың алдын алу мәселелері бойынша ұсыныстар береді.

КП педагогтері баланың танымдық, шығармашылық және музыкалық дамуына арналған түрлі тәсілдерді, ойындарды, жаттығуларды көрсетеді; мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелері бойынша консультация береді.

Сондай-ақ, Балаларды ерте дамыту институтының (бұдан әрі-Институт) сайтында «Ата-аналарға кеңес» бөлімімен «Виртуалды әдістемелік кабинет» ашылды. Аталған бөлімде үй жағдайында баланы үйде тәрбиелеу мен дамыту бойынша дамытушы ойындар, психологтың баланы дамыту, мектепке дайындау туралы кеңестері, логопедтердің балалардың сөйлеуін дамыту бойынша кеңестері, дамытушы ойын әрекеттері қамтылған бейнероликтер әзірленіп орналастырылды.

Аталған материалдарды КП қызметінде қолдануға болады.

Сондай-ақ, мектепке дейінгі ұйымдардың сайтында «Консультациялық пункт» айдарын жүргізу ұсынылады, онда мектепке дейінгі ұйым педагогтерімен әзірленген материалдар орналастырылатын болады.

Сонымен қатар, «Сұрақ-жауап» айдарының қызметін жүзеге асыру ұсынылады, онда ата-аналар (заңды өкілдер) балаларды тәрбиелеуге, дамытуға және мектепте оқуға дайындауға қатысты сұрақтарға жауап ала алады.

КП жұмысының басталғаны туралы білген мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналары (заңды өкілдері) консультация алу үшін хабарласа алады. Олар баласы туралы ақпарат береді, өздерін қызықтыратын сұрақтар қояды.

Маман кездесу уақытын белгілейді және ата-аналардың (заңды өкілдердің) алдын ала жазылу журналына тіркейді (2-қосымша). Белгілген уақытта ата-аналар (заңды өкілдер) баласымен бірге келеді және олардың келуі КП мамандарының жұмысын есепке алу журналында тіркеледі (3-қосымша).

Маман баламен сөйлеседі, оған ойындар ойнауды, тапсырмалар орындауды ұсынады. Осылайша, ол мектеп жасына дейінгі баланы диагностикалық тексеруден өткізеді.

Бірлескен сабақтан кейін педагог балаға қызығушылығы бойынша әрекетпен айналысуды ұсынады (конструкторларды жинау, сурет салу, мүсіндеу және т.б.), ал өзі осы уақытта ата-аналармен (заңды өкілдермен) әңгімелеседі, баланың даму деңгейі туралы айтады, ұсынымдар береді.

Консультацияны ата-аналардың (заңды өкілдердің) қажеттіліктерін ескере отырып, бір уақытта бір немесе бірнеше маман жүргізе алады.

Мамандардың жұмыс кестесін білім беру ұйымының жұмыс тәртібін ескере отырып, әкімшілік анықтайды (4-қосымша). Сондай-ақ, КП-тің жұмыс кестесі мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) сұраныстарына байланысты икемді болуы мүмкін.

КП - те штат бірліктері қарастырылмаған, мамандар негізгі жұмысының аясында жеке және топтық консультациялар жүргізеді.

КП педагогтері ата-аналармен (заңды өкілдерімен) әріптестік қарым- қатынас орнатады, мектеп жасына дейінгі балаларға жеке нәтижеге бағдарланған педагогикалық және психологиялық көмек көрсетеді.

Мамандар ата-аналардың (заңды өкілдердің) педагогикалық сауаттылығын арттыру мақсатында түрлі іс-шаралар өткізеді. Сондай-ақ, бала болмаған кезде ата-аналарға жеке консультация және бірдей мәселелері бар отбасыларға топтық консультация береді, телефон арқылы ата-аналарға (заңды өкілдерге) сұрақтарына кеңес береді.

Консультация мынадай мәселелер бойынша жүргізіледі :

- балалардың жас, психофизиологиялық ерекшеліктері;
- ерте жастағы балаларды тәрбиелеу және дамыту ерекшеліктері;
- ерте жастағы балалардың физикалық, психикалық және әлеуметтік дамуындағы әртүрлі ауытқулардың алдын алу;
- балаларды әлеуметтендіру;
- баланың сөйлеуін дамыту;
- балалардың балабақшаға бейімделуі;
- көркем шығармашылықты дамыту;
- отбасындағы тәрбие мәселесі;
- дамытушы бағдарламаны таңдау;
- ойын әрекетін ұйымдастыру;
- балалардың тамақтануын ұйымдастыру;
- балаларды шынықтыру және сауықтыру үшін жағдайлар жасау;
- балаға, оның жеке ерекшеліктеріне сәйкес білікті көмек көрсете алатын білім беру, халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау жүйесін ұйымдастыру қызметтері туралы

хабардар ету.

Берілген тақырыпты ескере отырып, білім беру ұйымының әкімшілігі қажетті ақпаратты толық меңгерген маманды консультация беруге тартады.

Бұдан әрі ата-аналардың (заңды өкілдердің) КП - ке келуі алдын ала жазылу бойынша жүргізіледі.

Сонымен қатар, КП мамандары ата-аналарға (заңды өкілдерге) виртуалды консультация бере алады. Бұл онлайн форматтағы консультациялар, шеберлік сыныптары, семинарлар және т.б.

Егер ата-аналар (заңды өкілдер) онлайн-консультацияға қатыса алмаса, оның жазбасын көре алады. Барлық фото және бейнематериалдарға, бейнеконсультацияларға, шеберлік сыныптарына, вебинарларға және пайдалы интернет-сайттарға сілтемелер білім беру ұйымының сайтындағы

«Консультациялық пункт» айдарында және әлеуметтік желілерде (Instagram, Facebook, Telegram) орналастырылу

БҰЙРЫҚ № 1

Алматы қаласы

«26» тамыз 2025 жыл

«Консультациялық пункт жұмысын ұйымдастыру туралы»

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын (2023 жылғы 28 наурыздағы №249 ҚРК) іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарына сәйкес отбасы мен тәрбиеленушіні психологиялық-педагогикалық қолдау мақсатында және Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына (ҚР ОАМ 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдар жанынан ата-аналардың (заңды өкілдердің) қажеттіліктері ескеріліп, мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылған және қамтылмаған балалардың ата - аналарына арналған консультациялық пункттер (бұдан әрі КП) жұмысын ұйымдастыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН.

1. 2025-2026 оқу жылына мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылған және қамтылмаған балалардың ата - аналарына арналған консультациялық пункттер жұмысы ұйымдастырылсын.
2. Балалардың ата аналарына немесе заңды өкілдеріне консультациялық пункт мамандары төмендегі тізімге сәйкес бекітілсін:
 - 2.1 Меңгеруші, – Смагулова А
 - 2.2 Мейірбике – Белдикбаева С.К
 - 2.3 Тәрбиеші – Уалиева А
 - 2.4 Тәрбиеші – Берчинбаева К
3. Консультациялық пункттің жұмысын ұйымдастыру және жүргізу консультациялық пункт мамандарына жүктелсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау және қадағалауды өзіме қалдырамын.
5. Консультациялық пункттің жұмысын ұйымдастыру және жүргізу консультациялық пункт мамандарына жүктелсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау және қадағалауды өзіме қалдырамын.
- 7.

ЖШС Бақ-Ислам балабақшасының директоры
Смагулова А.С

Бұйрықпен таныстым:

Белдикбаева С.К — 26.08.2023 жыл
(Т.А.Ә) (күні, айы, жылы)

Бұйрықпен таныстым:

Уалиева А 26.08.2023 жыл
(Т.А.Ә) (күні, айы, жылы)

Бұйрықпен таныстым:

Берчинбаева К — 26.08.2023 жыл
(Т.А.Ә) (күні, айы, жылы)

Бекітемін:
ЖШС Бақ-Ислам алабақшасының
директоры :
Смагулова А.С
«29» тамыз 2025 жыл

**ЖШС Бақ-Ислам балабақшасы
2025–2026 оқу жылына арналған
КОНСУЛЬТАТИВТІК ПУНКТТІҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

Мақсаты:

Мектепке дейінгі ұйымға бармайтын балалардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) диагностикалық, консультациялық және әдістемелік көмек көрсету, балалардың жан-жақты дамуына және мектепке даярлығына қолдау жасау.

Міндеттері:

- ✓ ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігін арттыру;
- ✓ балалардың әлеуметтенуіне ықпал ету;
- ✓ ата-аналарға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;
- ✓ балалардың сөйлеу, танымдық, эмоционалдық даму ерекшеліктерін анықтау;
- ✓ отбасындағы жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыруға ықпал ету;
- ✓ балаларды мектепке даярлау бойынша әдістемелік көмек көрсету;
- ✓ онлайн және офлайн форматта консультациялық жұмыстар ұйымдастыру.

КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТ ҚҰРАМЫ

№	Мамандар	Атқаратын қызметі
1	Меңгеруші	Консультациялық пункт жұмысының жалпы ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді, жұмыс жоспарын бекітеді, мамандардың жұмысын үйлестіреді, бақылау және мониторинг жүргізеді, ата-аналармен байланысты ұйымдастырады.
2	Әдіскер	Консультациялық пункттің әдістемелік жұмыстарын үйлестіреді, жоспарлар мен есептердің жүргізілуін қадағалайды, педагогтерге әдістемелік көмек көрсетеді, консультациялық материалдардың дайындалуын ұйымдастырады.
3		Балалардың эмоционалдық-тұлғалық дамуын зерттейді, психологиялық диагностика жүргізеді, ата-аналарға психологиялық кеңес береді, балалардың мектепке психологиялық даярлығын анықтайды, түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастырады.
4		Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дамытушы ойындар мен жаттығуларды ұйымдастырады, ата-аналарға үй жағдайында балалармен жұмыс жүргізу тәсілдерін түсіндіреді, баланың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағыт береді.
5	Тәрбиеші	Балалардың сөйлеу тілін дамыту жұмыстарын жүргізеді, сөздік қорын байытуға арналған әдістерді ұсынады, дыбыстарды дұрыс айту, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру бойынша ата-аналарға кеңес береді.

6	<i>Тәрбиеші</i>	Балалардың музыкалық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған жұмыстар жүргізеді, музыкалық ойындар мен ырғақты қимылдарды ұйымдастырады, ата-аналарға музыканың бала дамуына әсері туралы кеңес береді.
7		Балалардың сөйлеу тіліндегі кемшіліктерді анықтайды, дыбыстарды дұрыс айтуға түзету жұмыстарын жүргізеді, сөйлеу тілін дамытуға арналған ойындар мен жаттығуларды ұсынады
8	<i>Медбике</i>	Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді, дұрыс тамақтану, күн тәртібі, жеке бас гигиенасы, жұқпалы аурулардың алдын алу жөнінде ата-аналарға кеңес береді.

КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

1. Диагностикалық көмек көрсету
2. Консультациялық көмек көрсету
3. Әдістемелік көмек көрсету
4. Онлайн және офлайн форматтағы жұмыстар
5. Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін қалыптастыру
6. Балалардың мектепке даярлығын қолдау

2025–2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

№	Іс-шаралар мазмұны	Жұмыс түрі	Мерзімі	Жауаптылар
1	Консультациялық пункттің жұмыс жоспарын бекіту	Ұйымдастыру	Қыркүйек	Меңгеруші
2	Консультациялық пункт жұмысы туралы әлеуметтік желілер мен WhatsApp чаттарында ақпарат тарату	Ақпараттық жұмыс	Қыркүйек	Әдіскер
3	Ата-аналардың алдын ала жазылу журналын ұйымдастыру	Ұйымдастыру	Қыркүйек	Әдіскер
4	Ата-аналардың сұраныстары мен балалардың даму ерекшеліктеріне сәйкес кеңес беру жұмыстарын жүргізу	Кеңестер	Жыл бойы	КП мамандары
5	Балалардың бастапқы психологиялық-педагогикалық диагностикасын жүргізу	Диагностика	Қыркүйек	Әдіскер тәрбиешілер
6	«Баланың балабақшаға бейімделуі» тақырыбында кеңес	Кеңес	Қыркүйек	
7	Ерте жастағы балалардың сөйлеуін дамыту бойынша практикум	Практикум	Қазан	Тәрбиеші
8	«Үй жағдайында дамытушы ойындарды ұйымдастыру» тақырыбында шеберлік сағаты	Шеберлік сағаты	Қазан	Тәрбиеші
9	Балалардың танымдық қабілеттерін анықтау және ата-аналарға ұсыным беру	Диагностика	Қазан	
10	«Бала және гаджет» тақырыбында ата-аналармен кездесу	Дөңгелек үстел	Қараша	
11	Сенсорлық ойындар арқылы баланың дамуын қолдау	Практикалық сабақ	Қараша	Тәрбиеші
12	«Баланың эмоциялық жағдайын түсіну» тақырыбында тренинг	Тренинг	Желтоқсан	
13	ЖРВИ және жұқпалы аурулардың алдын	Кеңес	Желтоқсан	Медбике

	алу бойынша кеңес			
14	Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері бойынша ата-аналарға жадынама тарату	Ақпараттық жұмыс	Желтоқсан	Медбике
15	Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған отбасылық тапсырмалар беру	Әдістемелік көмек	Қаңтар	Тәрбиеші
16	«Баламен тиімді қарым-қатынас» тақырыбында ата-аналарға жеке консультациялар	Жеке кеңес	Ақпан	
17	Мектепке дейінгі балалардың мектепке психологиялық даярлығын анықтау	Диагностика	Ақпан	
18	Балалардың байланыстырып сөйлеуін дамыту бойынша ойындар көрсету	Практикум	Ақпан	Тәрбиеші
19	Ұлттық ойындар арқылы баланы әлеуметтендіру жұмыстары	Практикалық жұмыс	Наурыз	Тәрбиеші
20	«Отбасындағы жағымды қарым-қатынас» тақырыбында пікір алмасу	Кездесу	Наурыз	
21	Балалардың есте сақтау және ойлау қабілеттерін дамытуға арналған ойындар ұйымдастыру	Дамытушы сабақ	Сәуір	
22	Ата-аналарға онлайн консультациялар ұйымдастыру	Онлайн кеңес	Жыл бойы	КП мамандары
23	«Сұрақ-жауап» айдары арқылы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру	Кері байланыс	Жыл бойы	КП мамандары
24	Консультациялық пункт жұмысына мониторинг жүргізу	Мониторинг	Мамыр	
25	2025–2026 оқу жылындағы жұмысқа қорытынды талдау жасау	Талдау	Мамыр	КП мүшелері
26	2026–2027 оқу жылына ұсыныстар дайындау	Ұсыныс	Мамыр	Меңгеруші

КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ НЫСАНДАРЫ

- Жеке консультациялар
- Топтық консультациялар
- Онлайн консультациялар
- Тренингтер
- Практикумдар
- Шеберлік сағаттары
- Семинарлар
- Дөңгелек үстелдер
- Ашық есік күндері
- Виртуалды консультациялар

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:

- Ата-аналардың педагогикалық сауаттылығы артады;
- Балалардың әлеуметтік бейімделуі жақсарады;
- Балалардың сөйлеу және танымдық даму көрсеткіштері артады;
- Отбасындағы жағымды психологиялық ахуал қалыптасады;
- Балалардың мектепке даярлығы күшейеді;
- Ата-аналар мен мамандар арасында тұрақты серіктестік байланыс орнайды.

КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТ МАМАНДАРЫНЫҢ ЖҰМЫС КЕСТЕСІ 2025-2026 оқу жылы

№	Апта күндері	Жұмыс уақыты	Жұмыс нысаны	Жауапты маманның лауазымы
1	Дүйсенбі	09.00-10.00	Жалпы бақылау, ұйымдастыру	Меңгеруші
2	Сейсенбі	16.00-17.00	Әдістемелік көмек көрсету эмоционалды-тұлғалық мәселелерді анықтайды; таным процестерінің даму деңгейін анықтайды (зейін, қиял); есте сақтауды, ойлауды дамытады, балалар мен ата-аналардың қарым-қатынасын талдайды; баланың мектепте оқуға психологиялық дайындық деңгейіне диагностикалық тексеру жүргізеді.	Әдіскер
3	Сәрсенбі	14.00-15.00	күн тәртібін құрастыруға және баланың дұрыс тамақтануын ұйымдастыруға көмек көрсетеді; әртүрлі аурулардың: ЖРВИ, тұмау, жіті 9 вирустық инфекциялар, жұқпалы аурулардың алдын алу мәселелері бойынша ұсыныстар береді.	Мейірбике
4	Бейсенбі	14.00-15.00	- театрландырылған әрекетті (көлеңкелі, саусақ, қуыршақ театрлары); - музыка тыңдау, ән айту, музыкалық-ырғақтық қимылдар, балалар музыкалық аспаптарында ойнауды қамтиды. Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды: - сюжетті-рөлдік ойындар; - дидактикалық ойындар, - кітаптарды қарау;	Тәрбиеші

			- әңгімелесуді қарастырады.	
5	Жұма	14.00- 15.00	Мектеп жасына дейінгі балалардың құзыреттіліктерін түрлі балалар әрекеттері (<i>ойын, қимыл, дербес, шығармашылық, зерттеу, еңбек, театрландырылған</i>) арқылы жеке немесе топпен (5-6 бала) дамыту бойынша іс-әрекеттер жүргізеді Баланың танымдық және сөйлеуінің даму деңгейін анықтайды (тексеру); баланың сөйлеуіндегі кемшіліктерді түзету және оның алдын алу мақсатымен (консультация) ата-аналарға (заңды өкілдерге) көмек көрсетеді; ата-аналарға (заңды өкілдерге) және балаға сөйлеуді дамыту бойынша қызықты ойындар мен жаттығуларды (практикумдар) ұсынады (көрсетеді).	Тәрбиеші

**ЖШС Бақ-Ислам балабақшасы бойынша мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) арналған білім беру ұйымдарының жанындағы консультациялық пунктке келетін балалар тізімі
2025-2026 оқу жылы**

№	АТА-АНАНЫҢ (заңды өкілдің) АТЫ-ЖӨНІ	БАЛАНЫҢ АТЫ-ЖӨНІ	ТУҒАН КҮНІ,АЙЫ,ЖЫЛЫ Баланың жасы	МЕКЕН-ЖАЙЫ, БАЙЛАНЫС НӨМІРІ
1	Өстемір Гүлжайна Сапарбекқызы	Маден Ұлжан Максатқызы	01.01.2021 ж	Алматы қаласы №14 87472991291
2	Әзімхан Гүлбану Абайқызы	Қошқарбек Али-Айдар Алшынбекұлы	27.07.2021 ж	Алматы қаласы Әкішұлы №44 87746649995
3	Жаунбаева Алия Султаналиевна	Бек Асылым Асқарқызы	20.02.2021 ж	Алматы қ Абдраймов №18 87714200616
4	Искакова Асем Кайрболатовна	Құрбанбай Нұршат Муратқызы	04.03.2021 ж	Алматы қ Абдраймов №101\A12 87714200616
5	Самық Гүлдана Сундетуллақызы	Олимжонқызы Фатима	21.05.2021 ж	Алматы қ бұлбұл №45 87075489395

**ЖШС Бақ-Ислам балабақшасы мен баланың ата-аналарының (заңды
өкілдерінің) өзара міндеттемелері туралы
№ 1 шарт**

«02»09 2025ж.

**Смагулова А мектепке дейінгі ұйымының меңгерушісі атынан ЖШС
Бақ-Ислам мектепке дейінгі ұйым бір тараптан және Өстемір Гүлжайна
Сапарбекқызы анасы (әкесі, оларды алмастыратын тұлға), бұдан әрі «Ата-ана»
деп аталады, келесі тараптан төмендегі мазмұнда осы Шартты жасады:**

1. Мектепке дейінгі ұйым міндеттенеді:

- 1.1. Ата-анасының өтініші негізінде баланы МДҰ-ның консультациялық пунктіне есепке алу.
- 1.2. Баланың өмірі мен денсаулығын қорғауды, оның зияткерлік, дене және жеке дамуын қамтамасыз етуге; баланың даму ерекшеліктерін ескере отырып, оған деген жеке әдісті жүзеге асыруға, баланың эмоциялық игілігіне қамқорлық жасауға.
- 1.3. Заттық-дамытушылық ортаны ұйымдастыру (үй-жайлар, жабдықтар, оқу-көрнекі құралдар, ойындарға арналған материалдар).
- 1.4. Баланың әрекетін жасына, жеке ерекшеліктеріне, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес ұйымдастыру.
- 1.5. Мамандар қызметін ұсыну
- 1.6. Бала ауырып қалғанда, сондай-ақ ата-анасы (заңды өкілі) дәлелді себептермен (ауруы, іссапар және т.б.) демалыста және уақытша болмаған жағдайда балабақшаның кеңес беру пунктінде баланың орнын сақтау.
- 1.7. МДҰ-ның консультациялық пунктінде болған кезеңінде бала мүлкінің пунктте сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.
- 1.8. Ата-анаға (заңды өкілге) баланы тәрбиелеу мен оқытуда, оның дамуындағы ауытқуларды түзетуде білікті көмек көрсету.
- 1.9. Осы Шартты сақтау.

2. Ата-ана міндеттенеді:

- 2.1. Осы Шартты сақтау.
- 2.2. Баланың алдағы уақытта болмауы туралы балабақшаға хабарлау (демалыс, ауру және т.б.).
- 2.3. Баланы тәрбиелеу мен оқытудың барлық бағыттары бойынша МДҰ консультациялық пунктімен өзара әрекеттесу, бірлескен іс-шараларға белсенді қатысу.

3. Мектепке дейінгі ұйым құқылы:

- 3.1. Баланың консультациялық пунктте одан әрі болуына кедергі келтіретін баланың денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытынды болған кезде, баланы шығарып жіберуге.
- 3.2. Ата-анасы (заңды өкілі) өз міндеттемелерін жүйелі түрде орындамаған жағдайда, оған бұл туралы 10 күн бұрын хабарлап, осы Шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

4. Ата-ана құқылы:

- 4.1. Балабақшаның консультациялық пунктінде балалармен жұмысты жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу.
- 4.2. Консультациялық пункттің жұмысы туралы есептерді тыңдау.
- 4.3. Мектепке дейінгі ұйым басшысына бұл туралы алдын ала 10 күн бұрын хабарлай отырып, осы Шартты бір жақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзу.

5. Шарттың қолданылу талаптары.

- 5.1. Шарт оған қол қойылған сәттен бастап қолданылады, тараптардың келісімі бойынша ұзартылуы, өзгертілуі, толықтырылуы мүмкін.
- 5.2. Шартқа өзгерістер, толықтырулар Шартқа қосымша түрінде ресімделеді.

6. Тараптардың жауапкершілігі.

- 6.1. Тараптар міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісті дәрежеде орындалмағаны үшін жауапты.

7. Шарттың қолданыс мерзімі **2025-2026 оқу жылы** аралығында.

8. Шартқа қол қойған тараптар:

Мектепке дейінгі ұйым атынан: ЖШС Бақ-Ислам балабақшасының директоры Смагулова А.С : «02» қыркүйек 2025 жыл	Ата-ананың (заңды өкіл) ТАӘ: <u>Өстемір Гүлжайна Сапарбекқызы</u> (аты-жөні)  (қолы) Мекен жайы: Алматы Диірменарық №16 Байланыс нөмірі: 87472991291 <u>«01», «09» 2025 ж.</u>
---	--

**Консультативтік пункттің кезектен тыс отырысының
№1 ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні: 30 мамыр 2026 жыл

Өткізілген орны: ЖШС Бақ-Ислам балабақшасы

Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, мейірбике

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2025–2026 оқу жылындағы консультациялық пункт жұмысының қорытындысы.
2. Мамандардың жыл бойы атқарған жұмыстарына талдау жасау.
3. Ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың тиімділігі.
4. 2026–2027 оқу жылына ұсыныстар енгізу және жаңа міндеттерді белгілеу.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша:

Меңгеруші сөз сөйлеп, консультациялық пункт жұмысының оқу жылы бойы жоспарға сәйкес жүргізілгенін айтты.

Өз сөзінде ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың жүйелі ұйымдастырылғанын, әсіресе онлайн және офлайн форматтағы кеңестердің тиімді болғанын атап өтті. Сонымен қатар биылғы оқу жылында ата-аналардың консультациялық пункт жұмысына қызығушылығы артқанын және мамандарға жүгіну саны көбейгенін айтты.

Меңгеруші ата-аналардың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігінің артқаны байқалғанын және мамандардың бірлескен жұмысы нәтижесінде балалардың сөйлеу, эмоциялық және әлеуметтік дамуында оң өзгерістер қалыптасқанын жеткізді.

Екінші мәселе бойынша:

жылдық жұмысқа талдау жасап баяндама оқыды.

Оқу жылы барысында:

- жеке және топтық консультациялар;
- онлайн кеңестер;
- шеберлік сағаттары;
- тренингтер;
- практикалық сабақтар;
- дөңгелек үстелдер;
- ата-аналармен кездесулер өткізілгенін айтты.

Сонымен қатар әлеуметтік желілер арқылы ата-аналарға:

- жадынамалар;
- бейнероликтер;
- дамытушы ойындар;
- әдістемелік кеңестер тұрақты түрде жіберіліп отырғанын баяндады.

Ата-аналардың әсіресе:

- сөйлеу тілін дамыту;
- гаджетке тәуелділік;
- мектепке даярлық;
- баланың эмоциялық тұрақтылығы мәселелері бойынша жиі кеңес сұрағанын айтты.

Смагулова А.С сөз сөйледі.

Оқу жылы барысында балалардың эмоциялық жағдайына, қарым-қатынас мәдениетіне және мектепке психологиялық даярлығына диагностика жүргізілгенін айтты.

Жұмыс барысында:

- арт-терапия;
- ертегі терапиясы;

- релаксациялық жаттығулар;
- нейрожаттығулар;
- эмоциялық интеллект элементтері қолданылғанын баяндады.

Сонымен қатар ата-аналармен:

- «Баланы түсіне білу»;
- «Балаға айқайламай тәрбие беру»;
- «Бала эмоциясы және ата-ана қолдауы» тақырыптарында психологиялық кездесулер ұйымдастырылғанын айтты.

Балалардың өз ойын еркін жеткізуінде және ата-анамен қарым-қатынасында оң өзгерістер байқалғанын жеткізді.

Тәрбиеші сөз алды.

Балалардың сөйлеу тіліндегі кемшіліктерді анықтау және түзету бағытында жұмыстар жүргізілгенін айтты.

Атап айтқанда:

- дыбыстарды дұрыс айту;
- артикуляциялық жаттығулар;
- тыныс алу жаттығулары;
- байланыстырып сөйлеуді дамыту;
- ұсақ қол моторикасын жетілдіру жұмыстары жүргізілген.

Сонымен қатар ата-аналарға үй жағдайында орындауға арналған логопедиялық жаттығулар ұсынылғанын айтты.

Жыл қорытындысы бойынша кейбір балалардың сөйлеу белсенділігінің артқаны байқалғанын жеткізді.

Тәрбиешілер балалардың сөздік қорын дамыту және қазақ тілінде байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру бағытында жұмыстар жүргізілгенін айтты.

Балалармен:

- сурет бойынша әңгіме құрастыру;
- жаңылтпаш жаттау;
- сөздік ойындар;
- сұрақ-жауап әдістері қолданылғанын баяндады.

Сонымен қатар ата-аналарға балалармен күнделікті қазақ тілінде сөйлесу қажеттілігі түсіндірілгенін айтты.

Тәрбиеші Абилжан М сөз алды.

Балалардың шығармашылық және эмоциялық дамуына арналған жұмыстар туралы баяндады.

Жыл бойы:

- музыкалық ойындар;
- ырғақты жаттығулар;
- қимылды сергіту сәттері;
- шығармашылық тапсырмалар ұйымдастырылғанын айтты.

Музыка арқылы балалардың көңіл-күйі көтеріліп, шығармашылық белсенділігі артқаны байқалғанын жеткізді.

Мейірбике сөз сөйледі.

Мейірбике балалардың денсаулығын сақтау және аурулардың алдын алу бағытында ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізілгенін айтты.

Атап айтқанда:

- дұрыс тамақтану;
- күн тәртібі;
- дәрумендердің маңызы;
- жұкпалы аурулардың алдын алу;
- гаджеттің бала денсаулығына әсері бойынша кеңестер берілгенін баяндады.

Тәрбиеші сөз сөйледі.

Тәрбиеші балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған жұмыстар жүргізілгенін айтты.

Балалармен:

- сенсорлық ойындар;
- логикалық тапсырмалар;
- нейроойындар;
- шығармашылық жұмыстар ұйымдастырылғанын баяндады.

Сонымен қатар ата-аналардың практикалық сабақтарға белсенді қатысқанын және балалармен бірге жұмыс жасауға қызығушылығы артқанын жеткізді.

Үшінші мәселе бойынша:

ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың тиімділігіне тоқталды.

Өз сөзінде оқу жылы барысында ата-аналармен жүйелі түрде жеке және топтық консультациялар, тренингтер, практикалық сабақтар, онлайн кездесулер және шеберлік сағаттары ұйымдастырылғанын айтты. Сонымен қатар ата-аналармен WhatsApp желісі арқылы тұрақты кері байланыс жүргізіліп, қажетті әдістемелік кеңестер, бейнематериалдар мен жадынамалар жіберіліп отырғанын баяндады.

Ата-аналардың белсенділігі әсіресе практикалық жұмыстар барысында жоғары болғаны байқалғанын айтты. Көптеген ата-аналар балалармен үй жағдайында дамытушы ойындар ұйымдастырып, мамандар ұсынған жаттығуларды қолдана бастаған.

ата-аналардың психологиялық кеңестерге қызығушылығы артқанын жеткізді. Бұрын кейбір ата-аналар бала эмоциясына мән бермейтін болса, қазіргі уақытта балалардың психологиялық жағдайына көбірек көңіл бөле бастағанын айтты.

Сонымен қатар ата-аналардан:

- баламен дұрыс қарым-қатынас жасау;
- ашулануды басқару;
- баланы жазаламай тәрбиелеу;
- гаджет уақытын шектеу бойынша кеңестерге сұраныс көп болғанын баяндады.

Тәрбиеші ата-аналардың сөйлеу тілін дамытуға арналған жаттығуларды үйде тұрақты орындауы балалардың нәтижесіне оң әсер еткенін айтты. Кейбір ата-аналардың балаларымен күнделікті артикуляциялық жаттығулар жасап, дыбыстық ойындар ұйымдастырғаны байқалғанын жеткізді.

Ата-аналардың балалармен көбірек сөйлесе бастағанын, бірге кітап оқып, ертегі айтуға көңіл бөлгенін айтты. Нәтижесінде балалардың сөздік қоры мен сөйлеу белсенділігі артқаны байқалған.

Тәрбиешілер ата-аналардың шеберлік сағаттарына белсенді қатысып, үй жағдайында сенсорлық ойындар мен шығармашылық тапсырмаларды қолдануға қызығушылық танытқанын баяндады.

Медбике ата-аналардың балалардың күн тәртібі мен дұрыс тамақтануына жауапкершілікпен қарай бастағанын айтты. Сонымен қатар гаджеттердің бала денсаулығына әсері жөніндегі түсіндіру жұмыстарының тиімді болғанын жеткізді.

Жалпы мамандар ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде отбасы мен балабақша арасындағы байланыс нығайып, ата-аналардың педагогикалық сауаттылығы артқанын атап өтті.

Төртінші мәселе бойынша:

2026–2027 оқу жылына арналған ұсыныстар мен жаңа міндеттерге тоқталды.

Өз сөзінде келесі оқу жылында консультациялық пункт жұмысын заман талабына сай жетілдіру қажеттігін айтты. Әсіресе цифрлық форматтағы жұмыстарды көбейту, ата-аналарға ыңғайлы уақыттарда онлайн кеңестер ұйымдастыру маңызды екенін атап өтті.

Сонымен қатар:

- ерекше білімді қажет ететін балалардың ата-аналарына жеке қолдау жұмыстарын күшейту;
- жас ата-аналар мектебін ұйымдастыру;

- әкелер клубын ашу;
- психологиялық қолдау бұрышын жабдықтау;
- сөйлеу тілінде кешеуілдеуі бар балалармен ерте жұмыс жүргізу;
- отбасылық тренингтер санын арттыру ұсынылды.

ата-аналарға арналған электронды материалдар қорын көбейтуді және әлеуметтік желілер арқылы тұрақты ақпараттық жұмыстар жүргізуді ұсынды.

Балалардың эмоциялық интеллектін дамытуға арналған жаңа бағдарламаларды енгізу қажеттігін айтты.

Тәрбиеші ерте жастағы балалардың сөйлеу тілін дамыту бойынша арнайы практикалық курстар ұйымдастыруды ұсынды.

Ата-аналар мен балалардың бірлескен шығармашылық жобаларын көбейту қажеттігін айтты.

Ата-аналарға арналған дамытушы ойындар көрмесін ұйымдастыруды ұсынды.

Кеңес соңында мамандар 2026–2027 оқу жылында консультациялық пункт жұмысын жетілдіру және ата-аналармен серіктестік байланысты одан әрі нығайту бағытында бірлесіп жұмыс жүргізу қажеттігін атап өтті.

ШЕШІМІ:

1. 2025–2026 оқу жылындағы консультациялық пункт жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Мамандардың ата-аналармен жүргізген жұмыстары жүйелі жалғастырылсын.
3. Онлайн және офлайн консультациялардың саны арттырылсын.
4. Балалардың сөйлеу, эмоциялық және әлеуметтік дамуына бағытталған жұмыстар күшейтілсін.
5. Ата-аналарға арналған практикалық сабақтар мен шеберлік сағаттарының саны көбейтілсін.
6. Ерекше білімді қажет ететін балалармен жеке жұмыстар ұйымдастырылсын.
7. 2026–2027 оқу жылында ата-аналар клубын ұйымдастыру қолға алынсын.
8. Консультациялық пункт жұмысына тұрақты мониторинг жүргізілсін.

Төрайымы:

Смагулова А.С

Хатшы:

Уалиева А

ЖШС Бақ-Ислам балабақшасы

2025–2026 оқу жылы бойынша консультативтік пункт жұмысына жылдық талдау

2025–2026 оқу жылында ЖШС Бақ-Ислам балабақшасы жанындағы консультативтік пункт өз жұмысын Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарына, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің әдістемелік ұсынымдарына және балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес ұйымдастырды.

Консультативтік пункттің негізгі мақсаты – мектепке дейінгі ұйымға бармайтын балалардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) психологиялық-педагогикалық, диагностикалық және әдістемелік көмек көрсету, балалардың мектепке дейінгі дайындық деңгейін арттыру және отбасындағы тәрбиелік ортаны қолдау болды.

2025–2026 оқу жылында консультативтік пункт жұмысы алдыңғы жылдармен салыстырғанда жаңа бағыттармен толықтырылып, ата-аналардың сұраныстары мен қазіргі қоғамдағы бала тәрбиесіне қатысты өзекті мәселелер негізінде ұйымдастырылды. Жыл бойы ата-аналармен дәстүрлі кеңес беру жұмыстары ғана емес, сонымен қатар цифрлық форматтағы консультациялар, практикалық практикумдар, эмоционалдық қолдау кездесулері, отбасылық жобалар және интерактивті жұмыс түрлері жүргізілді.

Оқу жылының басында ата-аналар арасында Google Forms және QR-сауалнама арқылы мониторинг жүргізіліп, олардың негізгі сұраныстары анықталды. Сауалнама қорытындысы бойынша ата-аналарды көбіне:

- баланың сөйлеу тілінің кешеуілдеуі;
- гаджетке тәуелділік;
- баланың ашушандығы мен тұйықтығы;
- зейін тұрақсыздығы;
- мектепке психологиялық дайындық;
- отбасындағы балаға көңіл бөлу мәселелері алаңдататыны анықталды.

Осы сұраныстар негізінде консультативтік пункттің жұмыс бағыты қайта қаралып, әр маманның жұмысы нақты бағыттарға бөлінді.

әдіскер тарапынан балалардың эмоциялық жағдайын анықтау, мазасыздық деңгейін төмендету, өзіне сенімділікті қалыптастыру, ата-анамен қарым-қатынас ерекшеліктерін зерттеу бағытында диагностикалық және түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Биылғы оқу жылында жұмысында:

- арт-терапия;
- құм терапиясы;
- нейрожаттығулар;
- тыныс алу релаксациясы;
- ертегі терапиясы;
- эмоциялық интеллект элементтері кеңінен қолданылды.

«Баланы тыңдай білу мәдениеті», «Балаға шектеу қоюдың қауіпсіз тәсілдері», «Ата-ананың эмоциясы балаға қалай әсер етеді?» тақырыптарында ата-аналармен психологиялық кездесулер өткізілді. Нәтижесінде ата-аналардың бала психологиясына деген қызығушылығы артып, балалармен жұмсақ қарым-қатынас жасауға бетбұрыс байқалды.

Тәрбиеші балалардың сөйлеу тілін дамыту бағытында бірлескен жұмыстар жүргізді. Балалардың дыбыстарды дұрыс айтуы, байланыстырып сөйлеуі, сөздік қоры мен тілдік белсенділігі бақылауға алынды. Ата-аналарға:

- артикуляциялық жаттығулар;
- дыбыстық ойындар;
- үй жағдайында сөйлеуді дамыту әдістері;
- ертегі және диалогтік оқыту тәсілдері ұсынылды.

Жыл соңында көптеген балалардың сөйлеу белсенділігінің артқаны, сөздерді анық айту деңгейінің жақсарғаны байқалды.

Тәрбиешілер тарапынан балалардың танымдық қабілеттерін дамытуға арналған жаңа форматтағы жұмыстар ұйымдастырылды. Әсіресе:

- сенсорлық ойындар;
- нейроойындар;
- логикалық тапсырмалар;
- STEM элементтері;
- саусақ моторикасын дамыту жұмыстары;
- шығармашылық зерттеу тапсырмалары енгізілді.

Ата-аналармен бірге «Отбасылық дамытушы ойын күні», «Үйдегі қауіпсіз дамытушы орта» атты практикалық кездесулер өткізілді. Бұл жұмыстар ата-аналардың баламен сапалы уақыт өткізу мәдениетін қалыптастыруға ықпал етті.

Тәрбиеші балалардың шығармашылық және эмоциялық дамуына бағытталған жұмыстар жүргізді. Биылғы жылы музыкалық терапия элементтері қолданылып, балалардың эмоциялық күйін реттеу мақсатында тыныштандыру әуендері, қимылды сергіту сәттері, ырғақтық жаттығулар ұйымдастырылды.

Сонымен қатар «Отбасылық караоке күні», «Әуен арқылы эмоцияны жеткізу» сияқты жаңа форматтағы іс-шаралар өткізілді. Бұл жұмыстар балалардың өз ойын еркін жеткізуіне және ата-аналармен эмоционалдық байланысын нығайтуға оң әсер етті.

Балалардың қимыл белсенділігін арттыру және денсаулықтарын нығайту мақсатында ата-аналармен бірге қимылды ойындар, эстафеталар, сергіту жаттығулары және сауықтыру элементтерін қамтитын жұмыстар жүргізді. «Әкем, анам және мен», «Белсенді отбасы» атты спорттық кездесулер ата-аналардың қызығушылығын арттырды.

Медбике тарапынан балалардың денсаулығын сақтау, дұрыс күн тәртібін ұйымдастыру, иммунитетті күшейту, маусымдық аурулардың алдын алу және цифрлық құрылғылардың бала денсаулығына әсері жөнінде кеңестер берілді. Сонымен қатар ата-аналарға дұрыс ұйқы режимі, көз жаттығулары, таза ауада серуендеудің маңызы туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

консультативтік пункттің жұмысын үйлестіріп, барлық мамандардың жұмыстарын жүйелеп отырды. Биылғы оқу жылында алғаш рет:

- онлайн консультациялар архиві;
- ата-аналарға арналған электронды жадынамалар;
- бейнекеңестер;
- «Сұрақ-жауап» цифрлық бұрышы ұйымдастырылды.

WhatsApp және Instagram әлеуметтік желілері арқылы ата-аналарға тұрақты түрде пайдалы кеңестер, бейнероликтер және практикалық материалдар жіберіліп отырды.

Жыл бойы консультативтік пунктке жүгінген ата-аналар саны тұрақты түрде өсіп отырды. Әсіресе жеке психологиялық және логопедиялық кеңестерге сұраныс жоғары болды. Ата-аналардың кері байланысы бойынша мамандар тарапынан көрсетілген көмектің практикалық маңызы жоғары екені анықталды.

Консультативтік пункт жұмысының нәтижесінде:

- ✓ ата-аналардың педагогикалық мәдениеті артты;
- ✓ балалардың эмоциялық тұрақтылығы жақсарды;
- ✓ балалардың сөйлеу және танымдық даму көрсеткіштері көтерілді;
- ✓ балалардың әлеуметтік бейімделуі күшейді;
- ✓ ата-аналардың бала тәрбиесіне саналы көзқарасы қалыптаса бастады;
- ✓ отбасы мен балабақша арасындағы серіктестік нығайды;
- ✓ мектепке даярлық деңгейінде оң өзгерістер байқалды.

Сонымен қатар жыл барысында кейбір ата-аналардың жұмысбастылығына байланысты офлайн кездесулерге тұрақты қатыса алмауы байқалды. Осыған байланысты

келесі оқу жылында мобильді консультациялар, қысқа бейнесабақтар және кешкі уақыттағы онлайн кездесулер санын арттыру жоспарланып отыр.

Қорытындылай келе, ЖШС Бақ-Ислам балабақшасы жанындағы консультативтік пункттің 2025–2026 оқу жылындағы жұмысы заманауи талаптарға сай, жүйелі және нәтижелі деңгейде ұйымдастырылды. Жүргізілген жұмыстар ата-аналарға нақты практикалық көмек көрсетіп, балалардың жан-жақты дамуына оң ықпал етті.